

Бестамақ «Болашақ» балабақшасы

«Қыс қызығы» спорттық сайыс

(Ұжыммен)

*Кәсіподақ ұйымының төрайымы: А.Д. Сатаева
Қазақ тілі қоғамының төрайымы: Г.С.Косанова*

Ақпан, 2022ж

«ҚЫС ҚЫЗЫҒЫ»

Мақсаты: Спортқа деген қызығушылығын арттыру. Салауаттану-адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының нығаюы. Эстафеталық ойынға қызығушылығын арттыру. Күш, жылдамдық, ептілік қасиеттерін дамыту. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Ресурстар: Хоккей, доп, шана, күрсау, шаңғы.

Құрметті ұжымдастар!

Бүгінгі «Қыс қызығы» атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер

Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың дені сауда

Денсаулық терең бақыт деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамызда



Бүгінгі спорттық сайыс 5 кезеңнен тұрады.

Сұңқар тобының ұраны:

Сұңқардай қалықтаймыз,

Іздеуден жалықпаймыз!

Қыран тобының ұраны:

Қыран болып самғаймыз,

Жарыстан еш қалмаймыз.

1 сайыс: «Кім жылдам?»

Шарты: Хоккеймен шайбаны нысанаға тигізу.



2 сайыс: «Доп»

Допты тізеге қысып, кегли арасымен жүгіріп барып, жүгіріп қайтып келесі ойыншыға беріп жалғастыру.



3 сайыс: «Кім шапшаң?»

Екі топ, өз адамдарын алма-кезек шанамен мәреге дейін апарып, кейін қайту.



4 сайыс: «Шеңбермен ішімен топтасып жүру»

Шарты: екі адамнан гимнастикалық шеңбер ішіне кіріп, кедергілерден өтіп, мәреге алғаш жету керек.



Сайыс: «Кім епті?»

Шарты: Шаңғымен мәреге дейін барып, кейін келіп, келесі адам жалғастыру.



Жүргізуші: Ал ендеше сайысымыздың жеңімпаздарын анықтайтын сөз кезегін әділ бағасын беретін әділқазылар алқасына береміз.

Ұжымыздың жетістіктерін марапаттау рәсіміне көшейік.

Сөз кезегі: әділқазыларда (Марапаттау рәсімі)



«Қыс қызығы» атты спорттық сайысымыз осымен аяқталды.

Салауатты өмір салтын қолдаймыз

Жамандықтан жанымызды қорғаймыз

Денсаулықты жанымызға серік қып

Болашаққа аманат қып жолдаймыз.

